

Астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 4-1/364 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 8 шілдеде № 11581 болып тіркелді

«Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 10) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі Қазақстан Республикасының
А. Мамытбеков

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Е. Досаев

2015 жылғы 9 маусым

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің

Астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) «Астық туралы» 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Осы Талаптарда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеу саласы – аккредиттеу қолданылатын, сәйкестікті бағалаудың ресми танылған объектілері;

2) астық партиясы – атауы (түрі) бір, сапасы бойынша біртекті, бір уақытта қабылдауға, тиеп жөнелтуге және (немесе) сақтауға арналған, астық сапасы туралы бір құжатпен ресімделген астық мөлшері;

3) астық сапасына сараптама жүргізу – көлік құралын (қойманы) тексеруді, сынаманы іріктеу мен сынауды, астық сапасы паспортын ресімдеуді қамтитын астық сапасының нақты көрсеткіштерін белгілеу мен растауға бағытталған шаралар кешені;

4) астық сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертхана – астық сапасына сараптама жүргізу және астық сапасы паспортын беру құқығына Қазақстан Республикасының сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы заңнамасында көзделген тәртіппен аккредиттелген астық сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертхана (бұдан әрі – зертхана);

5) астық сапасының паспорты – астық сапасының нақты көрсеткіштерін және олардың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына және (немесе) келісімшарт талаптарына сәйкестігін куәландыратын құжат;

6) өтінім беруші – астық сапасына сараптама жүргізуге өтінім берген жеке немесе заңды тұлға;

7) сынау – стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген рәсімге сәйкес астықтың бір немесе бірнеше сипаттамаларын анықтаудан тұратын техникалық операция.

3. Зертхана жүзеге асыратын астық сапасына сараптама жүргізу жөніндегі жұмыс түрлері аккредиттеу саласында анықталады және аккредиттеу жөніндегі орган берген аккредиттеу аттестатымен расталады.

4. Астық сапасы паспорттарының бланкілері үш парақты нысаннан (түпнұсқа, телнұсқа, көшірме) тұрады және қатаң есептілік бланкілері болып табылады. Астық сапасы паспорттарының шығарылатын бланкілерін есепке алуды ұйымдастыру мақсатында астық сапасы паспортының түпнұсқасында, телнұсқасында және көшірмесінде бірдей нөмірі болады.

5. Астық сапасы паспортының түпнұсқасы сұр түсті, астық сапасы паспортының телнұсқасы – көгілдір түсті, астық сапасы паспортының көшірмесі – көк түсті болады.

6. Астық сапасы паспорты бланкісінің үш қорғаныс дәрежесі бар:

- 1) н ө м і р л е н у і ;
- 2) «Паспорт» деген су белгісі;
- 3) р а м к а с ы .

Бланкілердің қорғаныс дәрежесін өзгертуге және толықтыруға жол берілмейді.

2. Астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне қойылатын талаптар

7. Астық сапасына сараптама жүргізу төменде көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізіледі:

1) өтінім беруші зертханаға осы Талаптарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада астық сапасына сараптама жүргізуге өтінім береді (бұдан әрі – өтінім), ол осы Талаптарға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық сапасына сараптама жүргізуге арналған өтінімдерді тіркеу журналында тіркеледі. Өтінімнің бір данасы өтінім берушіге қайтарылып, өтінімнің қабылданғаны туралы белгі қойылады;

2) астық сапасына сараптама жүргізу зертхана мен өтінім беруші арасында жасалған астық сапасына сараптама жүргізу бойынша жұмыс жүргізу туралы шарттың негізінде жүргізіледі.

8. Астық сапасына сараптама жүргізу:

1) көлік құралын (қойманы) тексеруді;

2) сынаманы іріктеу мен сынауды;

3) астық сапасы паспортын ресімдеуді қамтиды.

9. Көлік құралын астықты тиеу сәтіне дейін бөтен заттардың, астық қалдығының, бөтен иістің болуына және зиянкестермен залалдануына тексеруді зертхана маманы жүргізеді.

10. Осы Талаптардың 9-тармағында көрсетілген жағдайлардың біреуі анықталған жағдайда осы Талаптарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көлік құралын жарамсыз деп тану актісі жасалады, оған зертхананың маманы, астық қабылдау кәсіпорны мен өтінім берушінің өкілдері қол қояды.

11. Қоймада сақталып тұрған астықтың сапасына сараптама жүргізу кезінде зертхана маманы қойманың зиянкестермен залалданғанына, ластанғанына тексеру

жүргізеді. Зертхана маманы зиянкестермен залалданғанын және ластанғанын анықтау үшін қойманың толтырылмаған бөлігінен, технологиялық жабдықтан астықтың шашындысын, сыпырындысын іріктеп алады.

Қойманың стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарынан және (немесе) келісімшарт талаптарынан асатын залалданғаны анықталған жағдайда, астық сапасына сараптама жүргізу тоқтатылады және еркін нысанда акт жасалады, оған зертхананың маманы, астық қабылдау кәсіпорны мен өтінім берушінің өкілдері қол қояды.

12. Сынамаларды іріктеу астық қабылдау кәсіпорны өкілінің қатысуымен, өтінімде көрсетілген сынамаларды іріктеу әдісіне сәйкес жүргізіледі.

Сынамаларды іріктеу осы Талаптарға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынамаларды іріктеу актісімен ресімделеді. Сынамалар осы Талаптарға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық сынамаларын тіркеу журналында тіркеледі.

13. Сынақтар өтінімде көрсетілген сапа көрсеткіштері, стандарттар бойынша зертханада жүргізіледі.

Сынақтарды жүргізудің ұзақтығы астық сапасына сараптама жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу туралы шартты жасасу кезінде келісіледі.

Астық сапасы өтінім шарттарына сәйкес келмеген кезде зертхана меңгерушісі осы Талаптарға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша астық сапасы паспортын беруден бас тарту туралы шешімді ресімдейді. Бұл ретте, өтінім беруші зертханаға нақты орындалған жұмыстардың құнын төлейді.

14. Асыра тиелгендік, қосымша сараптау қажеттілігі немесе уақытша жарамсыздық орын алған жағдайда, қосалқы мердігерлік шартымен басқа зертхананың нәтижелері қабылданады.

Бұл жағдайда іріктеп алынған, мөрленген және зертхананың маманы мен өтінім беруші қол қойған сынама осы Талаптарға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініммен бірге басқа зертханаға жіберіледі. Осы көрсеткіш бойынша сынақ жүргізген зертхана осы Талаптарға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынақ хаттамасын береді.

15. Өтінім талаптарын қанағаттандыратын астық сапасына сараптама жүргізу нәтижелерін алған кезде зертхананың маманы астық сапасы паспортын ресімдейді.

Астық сапасы паспортының түпнұсқасы осы Талаптарға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, астық сапасы паспортының телнұсқасы 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша және астық сапасы паспортының көшірмесі 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анық толтырылады. Оларға түзетулер қате жазуды сызу, «Түзетулерге сену қажет» деген жазу енгізу, мөр мен қол қою арқылы жүргізіледі. Астық сапасының көрсеткіштерін түзетуге жол берілмейді.

16. Астық сапасының паспорты мыналары қамтиды:

1) сыртқы экономикалық қызмет тауарлық номенклатурасының коды (бұдан әрі –

С Э Қ

Т Н) ;

- 2) берілген күні, айы, жылы – айы жазбаша көрсетіледі;
- 3) қолданылу мерзімі;
- 4) жөнелтуші – жөнелтушінің атауы көрсетіледі;
- 5) жөнелту пункті – жөнелту станциясының атауы көрсетіледі;
- 6) астық қабылдау кәсіпорнының атауы;
- 7) көлік құралы (қойма) № – автокөліктің, вагонның, кеменің немесе қойманың нөмірі көрсетіледі;
- 8) массасы – партияның массасы килограммен көрсетіледі;
- 9) орын саны – ыдысқа салынған жүктер үшін көрсетіледі немесе «үюлі түрде» деген жазумен – ыдыссыз жүктер үшін көрсетіледі;
- 10) алушы – алушының атауы және елі көрсетіледі;
- 11) межелі пункт – межелі станцияның атауы көрсетіледі;
- 12) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар және (немесе) келісімшарт – стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың нөмірі және (немесе) келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетіледі;
- 13) дақылдың атауы – астықтың осы түріне арналған стандарттау жөніндегі нормативтік құжат бойынша дақылдың атауы көрсетіледі, жүгеріге «астықта» немесе «собықта» деген сөздер қосылады, астық қоспасында қоспаның құрамы пайызбен көрсетіледі;
- 14) түрі – стандарт бойынша түрдің нөмірі рим цифрімен қойылады. Түрлердің қоспасына нөмірлерді және олардың құрамын көптігіне қарай қою керек;
- 15) кіші түрі – кіші түрдің нөмірі араб цифрімен қойылады. Кіші түрдің қоспасында кіші түрдің нөмірлері олардың көптігіне және құрамына қарай көрсетіледі;
- 16) сынып – сынып нөмірі стандарттау жөніндегі нормативтік құжатқа сәйкес араб цифрімен қойылады. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжат бойынша төменгі сыныптың нормаларын қанағаттандырмайтын астықты сыныпсыздық белгісін көрсету арқылы «сыныпсыз» деп айқындайды. Жарма дақылдарының астығына – егер ол стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына сай болмаса «стандартты» немесе «стандартсыз» деп көрсету керек;
- 17) түсі – стандарттау жөніндегі нормативтік құжатқа сәйкес түстің сипаттамасы беріледі. Түссіз бидай түссіздену дәрежесімен сипатталады, мысалы: «II дәрежеде түссізденген», қарайған астық «қарайған» деп анықталады; ұнды дәндер қоспасы есебінен түсі бойынша ауытқуы бар қатты бидай - «түсі бойынша сай емес» деп айқындалады;
- 18) иісі – стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына сәйкес көрсетіледі. Егер өтініштің талаптарында басқа өзіндік емес иістің болуына жол берілсе, иістің атауы көрсетілуі тиіс;
- 19) залалдануы – астық қорының зиянкестерімен астықтың бүлінуі және бүлінудің

дәрежесі көрсетіледі. Бүліну болмаған жағдайда, «айқындалған жоқ» деп көрсетілуі

т и і с ;

20) заттай күйі – 1 граммға дейінгі дәлдікте граммен қойылады;

21) ылғалдылығы – стандарттау жөніндегі нормативтік құжатта көзделген дәлдікпен ылғалдың нақты құрамы көрсетіледі;

Жүгері собықта болған жағдайда, астықтың ылғалдылығы бөлшекпен белгіленеді, бөліндіде – астықтың ылғалдылығы, бөлгіште – сабақтың ылғалдылығы көрсетілуі тиіс ;

22) жылтырлығы – 1 %-ға дейінгі дәлдікпен бидайға және күрішке көрсетіледі;

23) дән маңызының массалық үлесі – бидай дәніне 1 %-ға дейінгі дәлдікпен шикі дән маңызының мөлшері қойылады; жуылмайтын дән маңызы бар бидайға – « жуылмайтын » деп жазу керек ;

24) дән маңызының индексі – бүтін санмен қойылады;

25) дән маңызының сапасы – шартты (бүтін) бірліктердің саны көрсетіледі;

26) тобы – жазбаша жазылады (бірінші, екінші, үшінші), «жуылмайтын» кезде – бағанда сызықша қойылады ;

27) арамшөп қоспасы – арамшөп қоспасы фракцияларының қосындысы 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен қойылады ;

28) дәндік (майлы) қоспа – дәндік (майлы) қоспа фракцияларының қосындысы 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен қойылады .

Егер арамшөп қоспасы немесе дәндік (майлы) қоспа анықталмаған жағдайда, «0,0 % » көрсетілуі тиіс, қоспа 0,05 %-дан кем болған жағдайда – нақты мөлшері қойылады, мысалы: «0,04 %» немесе «0,01 %» ;

29) құлау саны – секундтағы құлау санының көрсеткіші мен сынау әдісі көрсетіледі;

30) ақуыз – сынау әдісін көрсете отырып, абсолютті құрғақ затқа арналған ақуыздың (протеиннің) құрамы көрсетіледі;

31) ерекше белгілер – қажет болған кезде көрсетіледі: егер астық кептірілген болса – «кептірілген»;

газдау және газсыздандыру күндері, фумиганттың атауы (егер астық фумигацияланған болса) ;

астықтан металмагнитті қоспа табылған жағдайда, оның массасы 1 килограмм астықта 1 миллиграммға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

бидай қандала-бақашықпен зақымданған жағдайда, осы зиянкеспен зақымданған дәннің көлемі 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

бидайда, тарыда қаракүйелі дән қоспалары болған кезде – олардың көлемі 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

ақаулық дәрежесі (ашыған, зеңді-көгерген, шіріген-көгерген иісі бар астыққа);

32) қосымша көрсеткіштер – мұнда: стандарттау жөніндегі нормативтік құжатта көзделмеген, бірақ келісімшартта

ескертілген сапа көрсеткіштері, оларды сынау әдістемесі және осы сынау әдістемесінде көзделген дәлдіктегі нәтижелер;

астық сапасы паспортының бланкісінде көрсетілмеген бағандар бойынша стандарттау жөніндегі нормативтік құжатпен көзделген сапа көрсеткіштері көрсетіледі:

ашытқы және спирт өндірісіне жеткізілетін сыра қайнататын арпа және басқа дәнді дақылдар – өну қабілеті (5-ші күні) немесе 1 %-ға дейінгі дәлдікпен өмірге қабілеттілігі (сыра қайнататын арпа) көрсетіледі;

қарақұмық, тары, күріш және жармалық сұлы – қауыздылығы 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

жарма өндіруге тиіп жөнелтілетін сұлы, тары және қарақұмық – ядросының құрамы 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

кенепшөп және салалы зығыр майтұқымы – тазалығы 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

жасымақ, асбұршақ, үрмебұршақ дән қоңызымен және жапырақ ширатқыш көбелекпен зақымданған кезде – зақымданған дәннің мөлшері 0,01 %-ға дейінгі дәлдікпен белгіленеді;

дайындалатын және жемдік сұлы – стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың талаптарына қарай мәдени өсімдіктердің тұқымы мен дәнінің құрамы жиынтық бойынша немесе жеке-жеке көрсетіледі, бұдан басқа, жемдік сұлыға – металмагнитті қоспаның болуы 1 килограмға 1 миллиграмға дейінгі дәлдікпен және бөлшектердің мөлшері көрсетіледі;

собықтағы жүгері – дәннің шығымы 0,1 %-ға дейін дәлдікпен қойылады;

күріш – қызыл, сарғайған және глютинозды дәндердің болуы 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен жеке-жеке көрсетіледі;

қарақұмық және жармалық сұлы – астық қорларының өлі зиянкестері санының данасы көрсетіледі;

тары – сұр, қара қоңыр және қара түстес гүл қабыршақтары бар дәндердің құрамы 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

балалар тағамына арналған тары, сұлы және қарақұмық – сәйкестік сертификаттың нөмірі көрсетіледі;

күнбағыс тұқымы – майдың қышқылдық саны калий су қышқылымен 0,1 мг дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

азықтық бөрібұршақ – бөрібұршақтың алколоидты тұқымының болуы 0,1 пайызға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

жармалық сұлы – бидайдың, полбаның, қара бидайдың және арпаның қосынды құрамы 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

балалар тағамына арналған дайындалатын және жармалық сұлы, қарақұмық, күріш – қышқылдығы 1 градусқа дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

мақта тұқымы – тұқымның толық түктілігі 0,1 %-ға дейінгі дәлдікпен көрсетіледі;

33) астық сапасы паспортын берген зертхананың атауы – зертхананың толық атауы көрсетіледі;

34) аттестаттың № – зертхананы аккредиттеу аттестатының нөмірі көрсетіледі;

35) қолы – зертхана маманының қолы қойылады;

36) мөр орны (бар болған жағдайда) – зертхананың мөрі (бар болған жағдайда) қойылады.

17. Егер стандарттау жөніндегі нормативтік құжатта және (немесе) келісімшартта түрлері, тұртармағы, сыныбы немесе жоғарыда көрсетілген көрсеткіштер көзделмесе, онда тиісті бағанда сызықша қойылады.

3. Астық сапасының паспортын беруге қойылатын талаптар

18. Астық сапасының паспортын беру сынақтар жүргізілгеннен кейін үш сағаттан кешіктірмей жүргізіледі.

19. Астық сапасының паспорты бір мекенжайға көлік құралының бір түрімен (автомобиль, вагон, кеме) тиеп жөнелтілетін немесе бір уақытта сақтауға арналған астықтың әрбір біртекті партиясына беріледі.

Астық сапасының паспорты жүргізілген сынақтар туралы жазбалардың (сынақтар хаттамасы немесе тігілген, нөмірленген, зертхана меңгерушісінің қолымен бекітілген және зертхананың мөрімен расталған осы Талаптарға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сынақтар нәтижелерін тіркеу журналы) негізінде беріледі.

20. Астық сапасы паспорттың түпнұсқасы мен телнұсқасы өтінім берушіге беріледі. Астық сапасы паспорттың көшірмесі зертханада қалады және берілген сәтінен бастап үш жыл ішінде сақталады.

21. Астық сапасы паспорттың қолданылу мерзімі зертханада белгіленеді, бірақ ол күнтізбелік отыз күннен аспайды.

22. Зертхананың маманы мен өтінім берушінің өкілі буып-түйген және мөрлеген астық сынамаларын зертханада мына мерзім ішінде:

1) тиеп жөнелтілген және сақталудағы партияларға – астық сапасы паспорттың қолданылу мерзімі ішінде;

2) сапа бойынша келіспеушіліктер кезінде – түсініспеушіліктерді қарауды толық аяқтағанға дейін сақталады.

Астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарға

1-қосымша

Нысан

20 __ жылғы «__» _____

№ _____ астық сапасына сараптама жүргізуге арналған өтінім

Өтінім беруші _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Мекенжайы _____

Телефоны/факсы _____

Алушы _____, межелі станция _____

_____ тиеп жөнелтуге арналған,
(жеткізілетін ел)

_____ астық қабылдау кәсіпорнында
(астық қабылдау кәсіпорнының атауы)
сақтаулы, салмағы _____ тонна болатын

_____ астығы
(дақылдың атауы)
партиясының сапасына сараптама жүргізуді сұраймыз.

Сараптама жүргізуге жататын астық _____

(стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың және (немесе)
келісімшарттың нөмірі) талаптарына сай болуы тиіс.

Тиеп жөнелту _____ жүргізіледі.
(тиеп жөнелту күні)

Сынамаларды іріктеу _____ сәйкес жүргізіледі.
(стандарт нөмірі)

Сынақтар мынадай көрсеткіштер мен сынақ әдісі бойынша жүргізіледі:

_____ (көрсеткіш атауы) _____ (стандарт нөмірі) _____ (келісімшарт талабы)

Астықтың сапасына сараптама жүргізу рәсімімен байланысты шығындарды оның нәтижелеріне қарамастан _____ шартқа сәйкес төлеуге міндеттенеміз.

Өтінім беруші _____

(колы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Мөр орны (бар болған жағдайда)

Қ а б ы л д а н д ы :

(басшының қолы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), лауазымы, зертхананың атауы)

Күні: «__» _____ 20__ жыл.

Астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарға
2-қосымша
Нысан

Астық сапасына сараптама жүргізуге арналған өтінімдерді тіркеу журналы

Өтінім №	Күні	Өтінім беруші (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))	Дақылдың атауы	Астық партиясының массасы, тонна	Келісімшарттың №	Астық сынамалары алынатын астық қабылдау кәсіпорнының атауы (жіберу станциясы)	Межелі станция	Өтінім қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)	Өтінімнің орындалуы туралы белгі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Ескертпе: журнал тігіледі, нөмірленеді, зертхана меңгерушісінің қолымен бекітіледі және зертхана мөрімен расталады.

Астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарға
3-қосымша
Нысан

Көлік құралын жарамсыз деп тану актісі

20__ жылғы «__» _____

(астық қабылдау кәсіпорнының атауы)

Мынадай құрамдағы комиссия: астықтың сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертхананың маманы _____

_____,
(зертхананың атауы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)
өтінім берушінің өкілі _____,

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)
астық қабылдау кәсіпорнының өкілі _____

(астық қабылдау кәсіпорнының атауы, лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болған жағдайда)
көлік құралдары: _____

(көлік құралдарының атауы және нөмірлері)
бөтен заттардың, астық қалдығының, бөтен иістің, зиянкестермен
залалдануы (керегінің астын сызу қажет) болғандықтан астықты
тасымалдау үшін жарамсыз деп белгіледі.

Қ о л д а р ы :

Зертхана маманы: _____

Өтінім берушінің өкілі: _____

Астық қабылдау кәсіпорнының өкілі: _____

А с т ы қ с а п а с ы н а с а р а п т а м а
ж ү р г і з у т ә р т і б і н е ж әне а с т ы қ
с а п а с ы п а с п о р т ы н б е р у г е
қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р ғ а

4-қосымша

Нысан

20 ____ ЖЫЛҒЫ « ____ » _____

Сынамаларды іріктеу актісі

Мен, _____ маманы,
(зертхананың атауы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)

_____ қатысуымен
(астық қабылдау кәсіпорны өкілінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты
(ол бар болған жағдайда)

_____ қатысуымен
(өтінім беруші өкілінің лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар
б о л ғ а н жағдайда)

(сынамалар іріктелген орын: астық қабылдау кәсіпорнының атауы)

келесі көрсеткіштер _____ бойынша

астық сапасының _____ талаптарына сәйкестігіне сынақ жүргізу үшін _____ № _____ силоста сақтаулы партиядан салмағы _____ тонна _____ сәйкес сынамалар алынды.

(н о р м а т и в т і к қ ұ ж а т)

Салмағы 2000 грамм сынама, астықты тиеп жөнелту кезінде әрбір вагондық партиядан алынды, _____ буып-түйілді, мөрленді және _____ сақтауға арналған.

(астық сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертхананың атауы)

Ескерту: бір сынамаларды іріктеу актісі бір өтінім берушімен бір келісімшарт бойынша бір күн ішінде тиеп жөнелтілетін астықтың вагондық партиясына әрбір ыдыс-орынды (вагонды) көрсете отырып ж а с а л у ы м ү м к і н .

Вагондардың нөмірлері: _____

Салмағы 2000 грамм сынама _____ буып-түйілді, _____ мөрленді және

(к і м , қ а л а й)

_____ жіберуге арналған.
(астықтың сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертхананың атауы)

Сынамалар алу уақыты: __ сағат__ минуттан бастап, __ сағат __ минутқа д е й і н .

Маман: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Астық қабылдау кәсіпорнының өкілі: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Өтінім берушінің өкілі: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар

болған жағдайда))

Астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарға

5-қосымша

Нысан

Астық сынамаларын тіркеу журналы

Р/с№	Күні	Өтінім беруші (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))	Дақылдың атауы	Көлік құралының (қойманың) №	Партияның массасы, кг	Сынамалар іріктеу жүргізілген астық қабылдау кәсіпорнының атауы	Сынаманы қабылдаған маманның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), қолы
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе: журнал тігіледі, нөмірленеді, зертхана меңгерушісінің қолымен бекітіледі және зертхана мөрімен расталады.

Астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарға б-қосымша
Нысан

Астық сапасының паспортын беруден бас тарту туралы шешім

_____ (зертхана атауы)
_____ аккредиттелген сынау зертханасы

Заңды мекенжайы _____

Телефоны/факсы _____

_____ (астық қабылдау кәсіпорнының атауы)
_____ астық қабылдау кәсіпорнында сақталып тұрған
массасы _____ тонна _____ астығы партиясының
(дақылдың атауы)

сапасына сараптама жүргізуге берілген _____
(өтінім берушінің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда)), _____ мекенжайы)

20__ жылғы «__» _____ № _____ өтінімін қарап, оны
(өтінім №) _____
қанағаттандырудан келесі себептер бойынша бас тартамыз:

Зертхана меңгерушісі: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Мөр орны (бар болған жағдайда) Күні: «__» _____ 20 __ жыл.

Өтінім беруші: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Астық қабылдау кәсіпорнының өкілі: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге қойылатын талаптарға

7-қосымша

Нысан

Өтінім

(сынаманы сынаққа жіберіп отырған астық сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертхананың атауы)

(сынама жіберіліп отырған астық сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертхананың атауы)

астығының

(дақылдың атауы)

сынамаларына

(сынамалардың тіркеу нөмірлері)

(көрсеткіштің атауы және сынақ әдісі)

_____ көрсеткіштері бойынша сынақ жүргізуді сұраймыз.

Зертхана меңгерушісі: _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда))

Мөр орны (бар болған жағдайда)

Күні: «__» _____ 20 __ жыл.

Астық сапасына сараптама жүргізу тәртібіне және астық сапасы паспортын беруге

қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р ғ а

8-қосымша

Нысан

№ ____ сынақ хаттамасы

(астық сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертхананың атауы)

(аккредиттеу аттестатының №)

(м е к е н ж а й ы)

Өтінім берушінің атауы _____

Дақылдың атауы _____

Сынама _____ іріктелді.

(к і м , қ а й д а)

Сынаманың массасы ____ килограмм. Түскен күні «__» __ 20__ жыл.

_____ өтінімі бойынша

(астық сапасына сараптама жүргізу жөніндегі зертхананың атауы)

Сынақ жүргізілген күн «__» _____ 20__ жыл.

Сапа көрсеткіштері	Сынақ әдісі	Нақты нәтиже
1	2	3

Қ о р ш а ғ а н о р т а ж а ғ д а й ы :

Қоршаған орта температурасы: _____ °С.

Салыстырмалы ылғалдылық: _____ %.

О р ы н д а у ш ы л а р :

Маман: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), қолы)

Зертхана меңгерушісі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болған жағдайда), қолы)

Мөр орны (бар болған жағдайда)

Берілген күні: «__» _____ 20__ жыл.

А с т ы қ с а п а с ы н а с а р а п т а м а

ж ү р г і з у т ә р т і б і н е ж ә н е а с т ы қ

с а п а с ы п а с п о р т ы н б е р у г е

қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р ғ а

9-қосымша

Нысан

№ _____ Астық сапасы паспорты

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

СЭҚ ТН коды

«___» _____ 20___ жылға дейін жарамды. «___» _____ 20___ жыл.

Жіберуші _____
Жіберу пункті _____
Астық қабылдау кәсіпорнының атауы _____
Көлік құралының (қойманың) № _____
Массасы _____ килограмм. Орын саны _____
Алушы _____
Межелі пункті _____
Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар және (немесе)

к е л і с і м ш а р т

Дақылдың атауы _____
Түрі _____. Кіші түрі _____. Сыныбы _____
Сапа көрсеткіштері:
Түсі _____. Иісі _____. Залалдануы _____.
Заттай күйі ___ грамм/литр. Ылғалдылығы ___ %. Жылтырлығы ___%.
Дән маңызының массалық үлесі ___%. Дән маңызының индексі _____.
Дән маңызының сапасы _____ шартты бірлік. Тобы _____.

Қ о с п а л а р :

Арамшөп қоспасы _____ %.
Дәндік (майлы) қоспа _____ %, оның ішінде:

----- %
----- %
----- %

Құлау саны _____ секунд. Ақуыз _____%.
Ерекше белгілер _____

Қосымша көрсеткіштер _____

Астық сапасы паспортын берген зертхананың атауы _____

Аттестаттың № _____ Қолы _____
 (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар
 болған жағдайда))

Мөр орны (бар болған жағдайда)
 Астық сапасына сараптама
 жүргізу тәртібіне және астық
 сапасы паспортын беруге
 қойылатын талаптарға
 10-қосымша
 Нысан

№ _____ Астық сапасы паспорттының телнұсқасы

СЭҚ ТН коды

«___» _____ 20___ жыл.
 «___» _____ 20___ жылға дейін жарамды.

Жіберуші _____
 Жіберу пункті _____
 Астық қабылдау кәсіпорнының атауы _____
 Көлік құралының (қойманың) № _____
 Массасы _____ килограмм. Орын саны _____
 Алушы _____
 Межелі пункті _____
 Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар және (немесе)
 к е л і с і м ш а р т

Дақылдың атауы _____
 Түрі _____ Кіші түрі _____ Сыныбы _____

Сапа көрсеткіштері:
 Түсі ____ Иісі ____ Залалдануы ____
 Заттай күйі ____ грамм/литр. Ылғалдылығы ____ %. Жылтырлығы ____ %
 Дән маңызының массалық үлесі ____ % Дән маңызының индексі ____
 Дән маңызының сапасы ____ шартты бірлік. Тобы _____

Қ о с п а л а р :
 Арамшөп қоспасы _____ %
 Дәндік (майлы) қоспа _____ %, оның ішінде:
 _____ %

----- %
----- %
Құлау саны _____ секунд. Ақуыз _____ %.
Ерекше белгілер _____

Қосымша көрсеткіштер _____

Астық сапасы паспортын берген зертхананың атауы _____

Аттестаттың № _____ . Қолы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар
болған жағдайда))

Мөр орны (бар болған жағдайда)

Астық сапасына сараптама
жүргізу тәртібіне және астық
сапасы паспортын беруге
қойылатын талаптарға

11-қосымша
Нысан

№ _____ Астық сапасы паспортының көшірмесі

СЭҚ ТН коды

« ___ » _____ 20 ___ жыл.
« ___ » _____ 20 ___ жылға дейін жарамды.

Жіберуші _____

Жіберу пункті _____

Астық қабылдау кәсіпорнының атауы _____

Көлік құралының (қойманың) № _____

Массасы _____ килограмм. Орын саны _____

Қабылдаушы _____

Межелі пункт _____

Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар және (немесе)
к е л і с і м ш а р т

Дақылдың атауы _____

Түрі _____ . Кіші түрі _____ . Сыныбы _____ .

Сапа көрсеткіштері:

Түсі _____. Иісі _____. Залалдануы _____.
Заттай күйі ___ грамм/литр. Ылғалдылығы ___ %. Жылтырлығы ___%.
Дән маңызының массалық үлесі ___%. Дән маңызының индексі _____.
Дән маңызының сапасы _____ шартты бірлік. Тобы _____.

Қоспалар:

Арамшөп қоспасы _____ %.
Дәндік (майлы) қоспа _____%, оның ішінде:

----- %
----- %

----- %

Құлау саны _____ секунд. Ақуыз _____ %.

Ерекше белгілер _____

Қосымша көрсеткіштер _____

Астық сапасы паспортын берген зертхананың атауы _____

Аттестаттың № _____. Қолы _____
(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар

болған жағдайда))

Мөр орны (бар болған жағдайда)

Астық сапасына сараптама
жүргізу тәртібіне және астық
сапасы паспортын беруге
қойылатын талаптарға

12-қосымша

Нысан

Сынақтар нәтижелерін тіркеу журналы

Р/с №	Сапа көрсеткіштері			Ескерту (басқа зертхананың нәтижелері)	Сынақ жүргізген маманның қолы	Астық сапасы паспортының №	Астық сапасының паспортын алғаны туралы өтініш берушінің қолы
	2	3	4				
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескертпе: журнал тігіледі, нөмірленеді, зертхана меңгерушісінің қолымен бекітіледі және зертхана мөрімен расталады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК